

## М.Т. Оспановтың есімін мәңгі есте қалдыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 24 шілде N 1099

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің бұрынғы төрағасы Марат Тұрдыбекұлы Оспановтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясымен келісім бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің "Ақтөбе мемлекеттік медициналық академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық

кәсіпорны" мемлекеттік кәсіпорнына М.Т. Оспановтың есімін беруді қамтамасыз етсін.

2. Алматы және Ақтөбе қалаларының әкімдері:  
заңнамада белгіленген тәртіппен Алматы және Ақтөбе қалалары көшелерінің біріне М.Т. Оспановтың есімін берсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.